

Адамның жан сұлулығы



Құндылық: Қиянат жасамау

**Қасиеттері: Қайырымдылық,
қанағатшылдық, адамгершілік**

Сабақтың мақсаты:

Білім алушыларға адамның жан сұлулығы оның ішкі рухани байлығы, адамгершілігі екендігін түсіндіре отырып, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.



Сабақтың міндеттері:

- білім алушыларға адамның ішкі дүниесі оның тұлға ретіндегі бет –бейнесі екендігін ар-ұжданмен байланыстыра отырып ұғындыру;
- қайырымдылық, қанағатшылдық қасиеттерін дамыту;
- білім алушыларды ризашылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.



Үй тапсырмасын тексеру.

1. Мәтінде автордың өзі емес өзгелер жайлы айтуы нені аңғартады?

2 Мәтіндегі «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген ойын қалай түсінесіздер?

3. Мәтіндегі қарамен жазылған автордың ойын түсініп оқып, өз ой қорытындыларыңызды шығарыңыздар.

4. Авторды еліне адамдық борышын адал атқартып, ақиқаттан аттамауға мұрындық болған қандай қасиеттері деп ойлайсыздар?



Дәйексөз

Антон Павлович Чехов (17 (29) қаңтар 1860, Таганрог, Екатеринослав губерниясы — 2 (15) шілде 1904, Баденвайлер, Герман империясы) — орыс жазушысы, әңгімелер, повестер, пьесалар авторы, драматург, әлемдегі ең ұлы жазушылардың бірі деп танылған. Әлем драматургиясының классикасы болған төрт шығарма жазған.

Ол қысқа мысалдар жазушысы ретінде әдебиетте танымалы. Чехов драматург ретінде де көптеген пьесалар жазған.

Адам бойындағының бәрі
– бет пішіні, киім киісі,
жан дүниесі, ақыл-ойы да
сұлу болуға тиіс.

Антон Чехов

Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіздер?



Антон Павлович Чехов (17 (29) қаңтар 1860, Таганрог, Екатеринослав губерниясы — 2 (15) шілде 1904, Баденвайлер, Герман империясы) — орыс жазушысы, әңгімелер, повестер, пьесалар авторы, драматург, әлемдегі ең ұлы жазушылардың бірі деп танылған. Әлем драматургиясының классикасы болған төрт шығарма жазған.

Ол қысқа мысалдар жазушысы ретінде әдебиетте танымалы.

Чехов драматург ретінде де көптеген пьесалар жазған.

Әңгімелеу.

Өмірбаяны



- ☞ 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген.
- ☞ Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген.



Сұрақтары:

1. Дінмұхамед Қонаев туралы не білеміз? ...
2. Қандай игі істері мен жетістіктерін білесіңдер?
3. Дінмұхамед Қонаевтың бойыннан қандай қасиетті байқадыңыздар?
- 4 . Өзін қоғамда қалай ұстаған ?
5. Д.Қонаевтың бойындағы қандай қасиеттерді таңдар едіңіз? Неліктен?

Шығармашылық жұмыс



1-тапсырма.

Жағдаятты шешіңіздер. Кейіпкердің жан дүниесінің сұлулығын тауып, сахналап беріңіздер. Хакімнен біреу: «Осы сен мал баққан қойшы болсаң да, ел неліктен саған құмар?», – деп сұрапты.

Сонда Лұқман хакім: – Өйткені мен көзімді харамға жұмдым, тым еркіне жібермей, тілімді тістедім, аз тамақтандым, уәдемде тұрдым, маған қатысы жоқ нәрселерге көңіл аудармадым, – депті.

2. Тапсырма.

Әйтеке би. Қазыбек би. Төле би туралы ауызша жауап береміз.

Өнер туындыларымен танысып, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» немесе «Қара қылды қақ жарғандар» тақырыбында пікір алысу жүргізіңіздер.